

Мерзімді

басылымдар заңы



КАЗАК

www.writers.kz

www.qazaqadebieti.kz

ӘДДЕБИЕТІ



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

Абайдың таңдаулы дерлік өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, оның өзіндік дара ақындық тұлғасын танытарлық сипаты анық байқалады. Сонымен қатар кейде бұрынғы поэзиядағы белгілі өдеби үлгіні қызықтап, жекелеген өлең-жырдың дәстүрлі қалыппен шығарған көздері де бар. Ондай өлеңді Абай орайы келгенде табанда ауызша шығарып айтуы ықтимал. Жазып шығарған болса да, сондай қалыптасқан үлгі-өрнекті де жат көрмей, өзінше келтірген. Ондай өлең-жыр да кейін қағазға түсіп, басылып жүрсе, өзінің бағасын алса жарар. Бірақ оны Абайдың ақындық деңгейін танытатын, шеберлігінің жеткен жері осы деу ағаттық болмас па?

Мұхтар Өуезов «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Өрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір оймен қозғалып отырғанда, қолына қағаз, қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен. Соны қасында отырып балалары, інілері жай адамдар болса да, қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан бірден біреу жазып алып жатпайды. Кейбірін өнге қосып домбырамен айтып жүреді».

Міржақып Дулатовтың 1914 жылы жазған «Абай» атты мақаласындағы төмендегі сөздер көңіл қоярлық:

«1904 жылы маусым жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсынұвтан көрдім. Сонда Байтұрсынұв айтты: «Естүімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, нөм бастырушыға, ешкімге рұқсат бермейді екен. Күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда өдей бұрылып, Абайға сөлем беремін, танысамын нөм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», — деп. Ахмет Абайды көруге нөсеп болмады...»

Абай жазған шығармаларын талғап, таңдап, жариялауға, кітапқа кіргізіп бастыруға қайсысы лайық деп сараламаған болса, мұны кейінгі сыншылар ескеруі қажет екені талассыз ғой.

Ақынның жеке өлеңдері дұрыс талданып, бағалануы оның шығармашылығына жүйелі көзқарас, орықты тұтас концепция қандай екеніне байланысты. 20-жылдарда өдебиетті таптық тұрғыдан қарап бағалау мықтап орын алған кезде Абай үстем таптың ақыны, байшыл ақын деген пікірлер аз айтылған жоқ. Мұның өзі орыстың классикалық өдебиетінің ең ірі өкілдері А. Пушкин, Л. Толстой сияқты ақын-жазушыларды орыс қоғамындағы жаңашыл байлардың — либерал буржуазияның жыршысы болған деген пікірлерге жалғас, сондай пікірлердің орайымен айтылған еді. Абайды да жаңалыққа, өнерге ұмтылған жаңашыл байлардың тілегінен туған ақын деп бағалау сол кезде бел алған таптық қағиданың өсері болатын.

Абай шығармашылығының зор қоғамдық, танымдық мөні өлі жете, толық ашылып көрсетілмегендіктен ол кездегі мақалалар мен зерттеулерде ақын өлеңдерінің мазмұн-мағынасының байлығын, көркемдік қуатын суреттеу, бейнелеп айту шеберлігін ұғып-түсіну жағы да жетімсіз болып жататыны байқалады.

Абай шығармашылығы төңірегіндегі 20-жылдардағы, кейінгі кездердегі талас, кейбір сын пікірлер тұрғысынан қарасақ, Ахмет Байтұрсынұвтың «Қазақтың бас ақыны» атты 1913 жылы жарияланған мақаласындағы Абайға берген бағасы, ұлы ақынның қазақ өдебиеті тарихындағы алатын орнын анықтауы, өнерпаздық өзгешелігін, асқан шеберлігін тануы шынайы ғұлама ғалымға төн айрықша көрегендіктің, білгірліктің, өлең сөздің қадірін терең бағалай алатын ақындық сезімталдықтың, талғампаздықтың үлгісі деуге лайық.

Ахмет Байтұрсынұв: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың

бөрің білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық. Жалғыз-ақ бір міні бар» дейді. Осы жалғыз-ақ бір міні бар, «Мұнан басқа Абай өлеңдерінде міні бар деп өз басым айта алмаймын» деуі арқылы, басқадай мін, кемшілік іздеуге тырысатын адамдардың жолын кескендей айтатыны қазақтың бас ақынының поэзиясын терең түсініп, барықиласымен мейлінше жоғары бағалағаны болса керек.

Ал «жалғыз-ақ бір міні бар» дегеннің мәнісі не десек, «ол мін — өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық» дейді. Мысалы, он бір буынды өлшеммен жазылған Абайдың өлеңінде тармақтың басқы жағында үш және төрт буынды бунақтар еркін ауысып келе береді. Осы мәселені дәл қазір тәптіштеп талдамай, түйіп айтсақ, Абай өлеңдерінің А. Байтұрсынұв көрсеткен бұл ерекшелігі кемшілігі демей, өлең ырғағын өрнектеудегі айырмашылығы деуге лайық. Қазақ өдебиетінде жазба поэзия дәстүрін кеңінен орнықтыру тұрғысынан

Мұхтар Өуезовтің «төрт-бестен артық Крыловтан аударылған мысалдарды ескі қолжазбалардан көрме едім» деген сөзі қазіргі сыншылардың тиянақты байлам жасауына тірек бола ала ма?

Арнайы тексеріп қарасақ, сол он үш мысалдың барлығы Мүрсейт қолжазбаларының 1905, 1907, 1910 жылғы негізгі нұсқаларында бар және он мысал үш қолжазбаның үшеуінде де, ал «Ала қойлар», «Есек», «Қарға мен түлкі» (Боқтықта талтаңдап) деген үш мысал екі қолжазбада бар екенін көреміз. Және он үш мысалдың он екісі алғашқы 1909 жылғы жинақтан бастап негізгі жинақтарда үнемі жазылып келеді, ал қалған біреуі — «Қарға мен түлкі» (Боқтықта талтаңдап) қана Мүрсейт қолжазбаларының 1907, 1910 жылдардағы нұсқалары бойынша 1940 жылғы жинаққа енгізіліп, содан бергі баспа-ларда жарияланып жүр.

Бұл жерде тағы бір ескертетін нәрсе мынау — Мұхтар Өуезов өзі дайындап бастырған 1933 жылғы Абайдың толық жинағына бұрыннан басылып келген мы-

және олар, Өуезовше айтсақ, «өтімді, қымбатты құрал есебінде пайдалануға» лайықтап жазғаны айқын емес пе?!

Абайдың аударма өлеңдерін орысша текстің кейбір жерін тым қазақшалап жіберіпті деп айтуға бейім кейбір бүгінгі сыншылар сол өлеңдердің дәл қазіргі қалыптасқан мағынадағы аударма емес екенін, кейде дәлме-дәл, бара-бара аударма емес, сарындас, еркін аударма болып келетінін, сондықтан түпнұсқадан алшақ түскен жері олардың кемшілігі емес екенін еске алғаны абзал.

Енді 1957 жылғы жинаққа қайта оралсақ, Мұхтар Өуезов жай өңешіні сыртта жүріп редактор бола салған жоқ, текстологиялық жұмыстың барысында, қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар салыстырылып тексерілгенде алты ай бойы үзбей басы-қасында болды. Мұхтар Академияға, өзі қызмет істейтін сол кездегі Тіл және өдебиет институтына бейсенбі сайын таңертеңгі 9-да келіп, түске дейін болып жүрді. Абайдың 1957 жылы басылған екі томдық толық

Зәки АХМЕТОВ, академик



ӨЗІНЕ ӨЗІ СЫНШЫ

қарасақ, айырмасы және артықшылығы да десек болар.

«Абайдың өзі тексеріп болған соң оның өлеңін тексеріп, қате шығарып ешкім жарыта алмады» дейді А. Байтұрсынұв.

Бұл өзгешелік, өзіндік, талғампаз Ақынның сыпайылығын танытады. Абай өзіне-өзі сыншы болғаны талассыз десек, кей-кейде табан астында, бір отырыста шығарған өлеңі алдымен өз сыны, өз талабына сөйкес келмеуі, ойлаған жерден шықпауы да мүмкін ғой. Сондай өлеңдер де қағазға түсіп, сақталған болса, кейін басылып, Абай жинағына кіруі де өбден мүмкін. Айталық, орыс ақынының шығармаларын оқып отырғанда, қайсысы көңілінен шықса, соны ілесе, жарыса аударып, көбінесе өзінше еркін кетіп, өзгерте қазақшалап шыққан болса, оны қалай ескермейміз. Қалай болған күнде де, ертеден қолжазбаларда сақталған, жинақтарда басылып келген өлеңді ана жері олай екен, мына жері былай екен деуге болса да, Абай шығармаларының қатарынан мүлде шығарып тастау керек деп үзілді-кесілді кесім айту үшін бұлтартпайтын дәлелдер келтірілуі шарт. Соңғы кезде бірді-екілі авторлар тарапынан Абай жинақтарында жарияланып жүрген біраз мысалдар төңірегінде шүбә тудырарлық пікір де бой көрсетіп қалды. Бірақ бекерге шығаруға болмайтындай дәлел келтіру жоқ, оның орнына Мұхтар Өуезовтің бір кезде айтқан сөздеріне сүйену, үлкен ғалымның беделін арқа тұту сынайы байқалады. Сонда сөздің салмағы өзіне түспей, өзгеге түсетіндей.

Иә, Мұхтар Өуезов Абай Крыловтан аударған «Есек пен бұлбұл», «Бүркіт пен қарға», «Шегіртке мен құмырсақ», «Түлкі мен қарға», «Піл мен қандан» өлеңдерін атап айтып келіп, анық өзі аударған мысалдарды осылармен шектейтін бар. Сонда Абай жинақтарында осыларға тағы сегіз мысал өлең қосылып, барлығы он үш мысал болып жүргені қалай деген сауалға қандай жауап беруге керек? Мұхтар Өуезов осы бес мысалды біраз сөз қылса да, басқаларын жекелеп әрқайсысын нақтылы талдамаған, тек «Мен өзімнің бала күнімнен білетін ескі қолжазбаларды еске алғанымда Абай Крыловтан жасаған аудармаларын төрт-бестен артық деп айта алмаймын» — деген тұжырымын айтқан, осыны нақтылай түсіп, жоғарыда айтылған бес мысалды атап көрсеткен.

салдардың бөрің бөліп-жармай түгел енгізген. Кейінірек, 50-жылдардың басында Абайдың жас кезінде шығарған бір топ өлеңдері ұлы ақынның бойына лайық емес деп, соларды жинаққа алғаш енгізген Өуезовке кінә таппақ болған С. Нұрышевке Мұхтар қатты ренжіп, ал сонда Крыловтан аударылды деген мысалдар түгелдей мінсіз бе екен, солардың ішінде Абайдан басқа ақындар шығарған деуге келетіндері бар емес пе дегенін естіген болатынбыз. Сол Нұрышев Абайдың Крыловтан аударған мысалдары бойынша кандидаттық диссертация қорғап, онысын кітап етіп шығарған-тын. Өуезовтің қолдауымен қорғаған Нұрышев 1953 жылы академиялық журналда «Дәл қандай жинақтың қайсысын болсын өркімнің «анауы артық» деуге, «сол неге алынбаған» деуге мүмкіндігі мол. Бірақ сөйтсе де, «мына сөз Абайға лайық емес, мына жері қате алынған» деп, атүсті сынау ұтымды дей алмаймыз. Көңілге қонымды, бұлтартпайтын дәлел табылса, онда бір сәрі. Ал, әр сөзді өз ойынша жобалап оқыған адам ана жинақта бір жүз, не екі жүз қате, бурмаланған сөздер бар десе, оған не дейміз? Сонша сөзді басқаша, өзінше оқыдың десе, оны түсінуге болар. Әйтпесе өзі бес-алты мысал келтіріп, осындай қателер бір жүз немесе екі жүз дегені орынсыз ғой. Әрине, кім де болсын бірді-екілі сөзді жаңылы оқып, дұрыс көрсетпеуі, не баспада сөз терілгенде қате кетуі мүмкін екенін мойындауымыз керек. Кітаптарда емле қатесі көп болатыны тағы бар. Сондықтан қай жинақты болсын сынағанда, кейбір сөздің басқаша нұсқасы артық дегенде, соған өзі ғана сенбей, өзгені де сендіре алса жарар. Өзінің азды-көпті еңбегін Мұхтар Өуезовтің Абайтануға қосқан үлесімен өлшесуге бейім адам табыла қояды деуге аузымыз бармайды. Әйтсе де өлі қаламы қолынан түспей келе жатқан зерттеушілердің не тындырғанын айтуды кейінгілерге қалдырып, Өуезовтің Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтеру ісіне сіңірген ұшан-теңіз еңбегін толық танып бағалайық дегенді айтпай кете алмаймыз. Әрине, бағалау дегенді айтылғанның бөрің бас шұлғып қолдай беру емес, талдап, саралап, тереңдей ұғып-түсіну мағынасында айтатымыз. Әйтеуір, «Өзінің шарқын білген өзгенің нарқы біледі» деген даналық сөз есте болғаны жөн ғой.

Қайым Мұқамедхановтың «Абайдың сөзіне үңілсек дұрыс үңілейік» деген мақаласына («Қазақ өдебиеті», № 48, 26-қараша, 1993) назар салсақ, мәселе, әрине, екі-үш сөздің қалай оқылуы қажет

жинағының ерекше құндылығы — алдымен, Мұхтар Өуезовтің текстологиялық жұмыстарға тікелей қатынасуының, ерінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі. Кезінде көзімізбен көрген осы шындықты бүгін ауыз талтырып атап айту тірі адамға парыз ғой.

Бұл жинақта көптеген сөздердің қолжазбаларда, бұрынғы басылымдарда басқаша оқылатын нұсқасы (варианты) түсініктеме берілгенде көрсетіліп отырды. Сондықтан екі-дай оқылатын сөздердің қайсысын болсын өркімнің «анауы артық» деуге, «сол неге алынбаған» деуге мүмкіндігі мол. Бірақ сөйтсе де, «мына сөз Абайға лайық емес, мына жері қате алынған» деп, атүсті сынау ұтымды дей алмаймыз. Көңілге қонымды, бұлтартпайтын дәлел табылса, онда бір сәрі. Ал, әр сөзді өз ойынша жобалап оқыған адам ана жинақта бір жүз, не екі жүз қате, бурмаланған сөздер бар десе, оған не дейміз? Сонша сөзді басқаша, өзінше оқыдың десе, оны түсінуге болар. Әйтпесе өзі бес-алты мысал келтіріп, осындай қателер бір жүз немесе екі жүз дегені орынсыз ғой. Әрине, кім де болсын бірді-екілі сөзді жаңылы оқып, дұрыс көрсетпеуі, не баспада сөз терілгенде қате кетуі мүмкін екенін мойындауымыз керек. Кітаптарда емле қатесі көп болатыны тағы бар. Сондықтан қай жинақты болсын сынағанда, кейбір сөздің басқаша нұсқасы артық дегенде, соған өзі ғана сенбей, өзгені де сендіре алса жарар. Өзінің азды-көпті еңбегін Мұхтар Өуезовтің Абайтануға қосқан үлесімен өлшесуге бейім адам табыла қояды деуге аузымыз бармайды. Әйтсе де өлі қаламы қолынан түспей келе жатқан зерттеушілердің не тындырғанын айтуды кейінгілерге қалдырып, Өуезовтің Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтеру ісіне сіңірген ұшан-теңіз еңбегін толық танып бағалайық дегенді айтпай кете алмаймыз. Әрине, бағалау дегенді айтылғанның бөрің бас шұлғып қолдай беру емес, талдап, саралап, тереңдей ұғып-түсіну мағынасында айтатымыз. Әйтеуір, «Өзінің шарқын білген өзгенің нарқы біледі» деген даналық сөз есте болғаны жөн ғой.

Қайым Мұқамедхановтың «Абайдың сөзіне үңілсек дұрыс үңілейік» деген мақаласына («Қазақ өдебиеті», № 48, 26-қараша, 1993) назар салсақ, мәселе, әрине, екі-үш сөздің қалай оқылуы қажет

екендігінде емес, автор «текстологиялық зерттеу жүргізген еңбегім Абай жинақтарында толық ескерілмей келеді» деген өкпе-назын білдіреді. Мұхтар Өуезов атындағы өдебиет және өнер институтында Абайдың жаңа толық жинағын дайындауға өзі белсене қатысты, өлі де кітап баспаға берілгенше араласар, осы жұмысқа қатысушы басқа ғалымдардың талқысынан өткен ұсыныстары нәтижелі болар деп ойлаймыз. Текстологиялық тексеру жұмысының қиын екені, үлкен ынта-ықыластан бөлек, қыруар уақытты керек ететіні, бірақ істелген істің тиісті дәрежеде бағалана бермейтіні рас.

Ал өкінішке орай, ағат айтылған пікірі — 1957 жылғы Абайдың ғылыми толық жинағын дайындаушылар менің (яғни Қ. Мұқамедхановтың) 1956 жылы тапсырған «еңбегімді қолжазба (машинкаға басылған) қалпында» пайдаланған дейді екен. Сол жинақты баспаға дайындау жұмысына басшылық еткен Мұхтар Өуезов те, қатысқан Ысқақ Дүйсенбаев та, басқалар да қолжазбаларды, бұрынғы басылымдарды қарамағандай, білмегендей көретіні аңғарылады. Сонда жаңағы айтылмыш еңбегінде келтірілмеген өзінше деген сөздердің бұрынғы басылымдар мен қолжазбалардағы әр түрлі оқылатын нұсқалары 1957 жылғы жинақта түсініктемелерде нақтылы көрсетіліп отырғаны қалай ойламаған, өр өлеңнен бірнеше сондай сөздерді келтіріп отырған адамдар басқасын көргенде, өзі келтірген бір сөзді көрмейті деудің қисыны келе ме? Мысалы, «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі сөздер 1909 жылғы жинақта қалай басылғанын көрсететін жеті-сегіз мысал келтірілгенде, «Көре тура қалады қашқан түлкі» деп басылған жолды сол жинақтан алмай, басқа жақтан алған деудің не жөні бар?

Мұхтар Өуезов бұрынғы басылымдар мен белгілі қолжазбалардың қалай салыстырылып, тексерілгені өзі үнемі қарап, қадағалап жүрді және өртүрлі оқылатын сөздердің қай нұсқасы алынатынына үлкен мән берді. Мұхтар басқарып өткізген осы отырыстарға Әлкей Марғұлан және академияның басқа ғалымдары қатысып жүретін. Бір ғана мысал келтірсек, Әлкей (Марғұлан) Құдашевтың қолжазбасы деп аталған, өзі Ленинград архивынан тапқан Абайдың бір топ өлеңдерінің тексті туралы айтып, «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңдегі «Тастан түлкі табылар аңдығанға» деген сөздер «Таудан түлкі табылар аңдығанға» деп жазылған екен, анық дерегі бар сөз ғой, кітапқа солай берілгені жөн деген еді. Сонда Мұхтар үлкен білгірлік танытатын пікір толғады. «Тастан түлкі табылар» — деген барлық кітаптарда және негізгі қолжазбаларда бар, өбден қалыптасқан, ел білетін орнықты сөз. Оны өзгертуге бір көшірме қолжазба, нақтылы дерек-ау дегенмен, жеткілікті дәлел бола алмайды» деді. Қырдың түлкісі болады, далада жүреді, ол да қыста лаңда бой тасалайтын жерін сағалай жүреді. Таудың түлкісі болады, тастың арасында жүреді. «Тас» деген сөздің өзінде «тау» деген ұғым және бар. Бірақ «тау» деген жалпылама сөз, «тас» деген сөзде поэзияға төн нақтылық бар. Абайдың сөзді дәл тауып, айтқанын кезге елестерліктей етіп көрсетуге жүйріктігі осы бір сөзінен-ақ байқалып тұр деді. Бірақ ана «таудан түлкі табылар» деген де бар екенін комментарий (түсініктеме) бергенде айтса болар деді. Басқалар түгел осы пікірді құптады.

Тағы бірде «Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» жырының Потанин архивынан табылған бір нұсқасы Абай шығарған, Абайдың сөзі деуге лайық па деген мәселе төңірегінде бірталай әңгіме болды. Сонда Мұхтар «Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» жырының ең әдемі нұсқасы Шөженікі ғой, оны Мөшүр Жүсіп жазып алған. Онан соң — Жанақтың нұсқасы, кейін Бейсенбай ақын соның аяғын біраз өзгертіп жырлаған. Мен оны 1936 жылы бастырдым деді. Тағы бірнеше нұсқасы жөнінде айта келіп, «Шөженің, Жанақтың айтқанынан кем түсетін осы жырдың бір нұсқасын Абай шығарған деуге еш дәлел жоқ» деп пікірін түйіндеді. Бүгін «Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» жыры Абайдікі делініп, ешқандай ғылыми талқылаусыз басылғанын көрдік. Сонда

бұл Абай мұрасын көбейтуге ұмтылғандық па? Жаңадан өлеңдер, қандай да бір шығарманың қолжазбасы табылып жатса, мынау қалай деудің жөні бар. Ал бұрыннан белгілі, бірақ дәлелі жеткіліксіз болып келген кейбір нөрселерді арнайы тексеруші ақынның 150-жылдық мерекесін сылтау етіп жариялау орынды деуге бола ма?

Абай шығармаларының қатарын қалайда молайтуға тырыспайық деген Мұхтар Өуезов осындай орайда айтқан болатын. Мұхтар Өуезов «Абай жайын зерттеушілерге» деген мақаласында өз пікірін айрықша қадап айтқан: «Абай сөзі деген сөз бір-ақ сөз болса да Абайша шықса, жарасар, Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтетін деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық».

Абай шығармалары өртүрлі қолжазбалар негізінде, кейде ауызша да таралып, түгел сақталмағандықтан ақынның өдеби мұрасы көлемі жағынан салмақты ма, аз ба, көп пе деген сауал да қойылмай жүрген жоқ. «Абайдың көп өлеңдері ұшты-күйлі жоғалып кеткен» дегендей сөздер 1914 жылы жарияланған Нұрқ Рамазанов мақаласында айтылған, онан кейін де айтылып келеді.

Бұл ауызша таралып жүрген өлең ел жадында сақталмайды, жоғалып кетеді деген ұғым бойынша айтылған пікір болса керек. Абай өлеңдері өзінің көзі тірісінде-ақ қолжазба түрінде таралғандықтан, ал алғашқы жинағын кешегідей болса да 1909 жылы басылып, кейін бірнеше рет толықтырылғанын ескерсек, мүлде жоғалып, бізге келіп жетпегені тым көп бола қоймас деуге де тура келеді. Сөз қадірін білетін, өлең-жырды бір-екі естігенде-ақ қағып алып, жадында сақтай алатын адамдар көп ортада шынайы асыл өлеңдер он жыл, жиырма жыл ішінде мүлде жоғалып, жоқ болып кетеді деу қиын. Абай өлеңдерінің жиыстыру, қолжазбаларды реттеу, баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болғаннан соң көп ұзамай қолға алынғаны белгілі.

Бірақ Абайдың өз қаламының бедер түскен қолжазбалар бізге жетпегені өрине, өкінішті.

Жоғалған нөрселер туралы сөз болғанда нақтылы мысал ретінде кейбір көлемді шығарманың (мысалы, «Өзім», «Вадим») бас бар да, жалғасы жоқ екені айтылып жүр. Ал «Бородино» өлеңін алсақ, оның бас жағы сақталған да, онан кейін үзік-үзік болып келетін бірнеше тармақтан тұратын тағы үш бөлегі сақталған.

М. Ю. Лермонтов өз көзі тірісінде басылып шыққан өлеңдер жинағын жиырма төрт-ақ өлеңін кіргізген ғой. Белинский сол кітап бойынша оны ұлы ақын деп бағалаған. Ал прозалық шығармаларынан өзі барда басылғаны — тек «Біздің заманымыздың қаһарманы» Оны да Белинский Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлең-романымен қатар қойып, жоғары бағалаған.

Қазіргі кезде Абай жинағында басылып жүрген шығармалар қандай классик ақынға болса да аздық етпейді. Абай шығармаларының жинағын егер өзі қолымен баспаға дайындаған болса, өз талғамымен таңдау жасаса, осы күнде басылып жүрген кейбір өлеңдерді мүмкін, кітапқа қоспаған да болар ме еді?! Ақынды әр қырынан тану үшін кейінгілер қолда барды түгел жарыққа шығаруға тырысатыны түсінікті ғой. Осы айтылғанды ескерсек, ақынның шеберлік дегеніміз ең таңдаулы, сол қаламгердің өзі ғана жаза алатын үздік туындылармен өлшенсе керек. Абайдың ғана аузымен айтылуға лайық, оның өзіндік көркемдік шеберлігі, басқаға ұқсамайтын қолтаңбасы, ойлау, сөйлеу өзгешелігі, стилі анық көрінетін өлеңдер — ұлы ойшыл, суреткер ақынның алып тұлғасын айқын танытатын, міне, алды мен осылар десек керек.

Сонымен қатар, өрине, Абайдың қолынан шыққан деп саналатын ешбір шығарма зерттеулердің назарынан тыс қалуға тиісті емес. Мәселе әрқайсысы өз орнына қойып бағалауда.